

ВОЗНЕСЕНОВКА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

2-3-4 сынып

2022–2023 жылы оқушылар әртүрлі қабілетке, еңбекқорлық және тәрбиелік деңгейге ие. Екінші сыныпта балалар өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін неғұрлым толық көрсете бастады. Сондықтан балалардың дамуына жағдай жасау үшін сыныпта жағымды атмосфера қалыптастыру қажет болды.

2-3-4 сыныпта 7 оқушы білім алды. Оның ішінде: қыз бала 4-еу, ұл бала 3-еу. 2-сыныпта Зулқаш Томирис, 3-Сыныпта Сымбай Нұрсауле, Серік Актілеу, Серік Айару, 4-сыныпта Сариев Бағлан, Зулқашева Сунна, Сымбаев Балғынбек. Барлық балалар өз мүмкіндіктеріне қарай оқиды: 5-уі жақсы – Сымбай Нұрсауле, Зулқаш Томирис, Серік Айару, Зулқашева Сунна, Сариев Бағлан, . Сабақ үлгерімі екпінді. Сымбаев Балғынбек, Серік Актілеу сабақ үлгерімі орташа.

Сыныптағы әлеуметтік-психологиялық ахуал – жағымды. Балалардың арасында достық қарым-қатынас орнаған.

Сыныптағы тәрбие жұмысының мақсаты:

Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайтуға жағдай жасау, жеке тұлғаны ашу мен дамытуға бағытталған тәрбиелік жүйе қалыптастыру, ұжымда өмір сүруді, сыныптастарымен достық және түсіністікке негізделген қарым-қатынас құруды үйренуге жағдай жасау.

Міндеттері:

Әр оқушының белсенділігін арттыра отырып, сынып ұжымын қалыптастыру жұмысын жалғастыру;

Патриотизмді, салауатты өмір салтына ұмтылысты, табиғатқа деген ұқыпты көзқарасты, жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге ықпал ету;

Эстетикалық талғам мен қажеттіліктерді қалыптастыру, қабілеттерін дамыту; Адалдық пен достық қағидаларына негізделген тұлғааралық қарым-қатынас пен бірлескен әрекет мәдениетінің негізін қалау.

Белгіленген міндеттерді жүзеге асыру үшін тәрбие жұмысының негізгі бағыттары айқындалды. Жұмыстағы басты назар білім беру үдерісіне қатысушылардың әрқайсысына құрметпен қарауға, тұлғаның ар-намысы мен құндылығын, жеке басының дербестігін ескеруге бағытталды.

Оқу жылы басында қойылған тәрбие міндеттері мақсатқа сай және нақты болды, себебі олар тұлғаны тәрбиелеуге және дамытуға ықпал етті.

Балалармен жұмыс істеудің негізгі түрлері:

Сынып сағаттары, мерекелер, байқаулар, жарыстар, әңгімелер, экскурсиялар.

2022–2023 оқу жылы барысында бастауыш мектептің тәрбие жұмысы жоспарына сай түрлі тақырыптағы сынып сағаттары өткізілді. Бұл сынып

сағаттары тәрбиенің әртүрлі бағыттарын қамтыды және келесі тақырыптарды қамтыды:

- «Мектепте, жолда, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері»
- «Интернеттегі қауіпсіздік»
- «Ғарышкерлер күні»
- «Өрт қауіпсіздігі»
- «Демалыс кезіндегі тәртіп ережелері»

– Ақын-жазушылардың мерейтойларына арналған сынып сағаттары және т.б. Бұл шаралар оқушылардың қоршаған орта туралы білімдері мен түсініктерін жинақтауға, сондай-ақ өз орнын сезінуге бағытталды. Мұғалім тарапынан балалардың танымдық, эмоционалдық және тұлғалық дамуына сеп болатын түрлі іс-шаралар өткізілді.

Білім мен тәжірибе: мектеп пен сыныптағы тәртіп пен мінез-құлық ережелерін сақтау туралы әңгімелер, Қазақстан және оның аумағында тұратын халықтар, жақсылық пен жамандық туралы түсініктерді дамыту. Эстетикалық, экологиялық, шығармашылық бағыттағы және салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған әңгімелер: «Табиғаттағы тәртіп ережелері», «Салауатты тамақтану», «Біздің кіші достарымыз» және т.б.

Сыныптық мерекелер: «Денсаулық күні», «Аналар күні», Жаңа жыл мерекесі, Отан қорғаушылар күні, 8 Наурыз – Әжелер мен аналар мерекесі, мектеп мұражайына экскурсия.

Әртүрлі сынып сағаттары, мерекелер, еңбек іс-шаралары, олимпиадалар мен байқаулар тәрбие жұмысын түрлендіруге мүмкіндік береді. Бұл – оқушылардың ән айту, би билеу, сурет салу, өлең оқу және т.б. секілді қызығушылықтары мен қалауларына сәйкес келеді. Әр бала өзіне ұнайтын іс таба алады. Мұның бәрі сынып ұжымының ұйымшылдығына және балалардың әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Жұмыс барысында келесі дәстүрлер қалыптасты:

Туған күн иелерінің күнін маусым бойынша атап өту;

Өзара сыйлықтармен және тілектермен алмасу.

Сынып ұжымының басты жетістіктерінің бірі – балалардың жаңа ортаға сәтті бейімделуі, сынып пен мектептің қоғамдық өміріне барлық оқушылардың тартылуы, ұжымдағы қарым-қатынастың жағымды өзгеруі болып табылады. Сыныптағы барлық оқушылар тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысты.

Оқу жылы барысында алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің барлығы дерлік орындалды деп есептеймін.

Алдағы жылда келесі жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда:

Оқушы ұжымын қалыптастыру жұмысын жалғастыру;

Қарым-қатынас кезінде өз эмоциялық жағдайын бақылау деңгейін арттыру;

Балалардың шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасау;

Ата-аналардың сынып пен мектептің қоғамдық өміріне қатысуын

арттыру. Сондай-ақ, оқушыларды салауатты өмір салтына баулу мақсатында

денсаулықты сақтауға бағытталған технологияларды енгізу жұмысын жалғастырамын. Сонымен қатар, ұжымда мейірімділік, эмоциялық сезімталдық, адамдарға деген қамқорлық, үлкендерге құрмет пен патриотизм сияқты жақсы қасиеттерді тәрбиелеу жұмысын жалғастыру қажет. Мақсаттар мен міндеттерге сай жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы балалар ұжымын қалыптастыруға, тұлғаның зияткерлік, адамгершілік және физикалық дамуына, жеке және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға ықпал еткенін көрсетті. Педагогикалық ықпал ету бағыттары, әдістері мен құралдары бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен психофизиологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес болды.

Сынып жетекшісі:  Борашова С.Т.